

Білім беру ұйымының атауы: «Балдаурен» жекеменшік бөбекжайы

Топ: «Құлыншақ» кіші тобы

Балалардың жасы:2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы

Мақсаты:Балаларды аспанмен байланысты ауа-райының сипаттамаларын атауға үйрету құстарға деген қамқорлықтарын корсете білу.
Көктемде кандай құстар ұшып келетіні жайлы тусініктерін толықтыру.

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	Негізгі қимылдар: Жүру.Қолдарына сылдырмақ ұстап, әртүрлі қалыпта аяқтың ұшымен жүру.Сылдырмақты тізеге соғу.Сылдырмақпен жүгіру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.Тура жолмен,сызықтармен шектелген (ені20-25сантиметр,ұзындығы2-2,5метр)жіптің бойымен жүру. Жүгіру.Бір қалыпты,шашырап,берілген бағытта жүгіру. Еңбектеу,өрмелеу.Шектеулі жазықтың бойымен еңбектеу. Домалату,лақтыру.Екі қол мен бастапқы қалыпта 0,5-метр ара қашықтықтағы нысанаға(жоғары)лақтыру; Секіру.Бір орында тұрып қос аяқпен секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар: Тік тұрыу,аяқ алшақ,қуыршақ төменде.Қуыршақты алға ұстау,жоғары көтеру. Қолды алға,жоғары көтеру.Қуыршақпен оңға,солға айналу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған ойыншықтармен жаттығулар Алға және екі жаққа еңкею. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Ішпен жату. Бір қырымен жату,арқаға,ішке.Отырып саусақпен тізе үстінен тықылдату. Қимылды ойындар: «Ұшты-ұшты» Балаларды жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Спорттық жаттығулар: Допты жалғастыру. Бірінші тұрған ойыншы допты қатарда тұрған келесі ойыншыға береді,доп жалғастырылып соңғы тұрған ойыншының қолынан келеді.Қай топтың ойыншысы допты бірінші алса сол топ жеңімпаз атанады.

Коммуникативті дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Бір-біріне сұрақ қою арқылы диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. (Қалың қалай досым?) Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқ киім атауларын атау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істеді ?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балалардың сөздік қорларын молайта отырып тілдерін дамыту. Затты көркем тілмен суреттей алуға үйрету.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшықеттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу.
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.
	Жапстыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері Туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел-үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.

	Музыка (аптасына 1рет)	Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен қол ұстасып жүру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру.
Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн бізде қонақта. Ауа райы жайлы әңгімелесу. Суық-жылы туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Табиғат әлемі. Балалардың табиғатпен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.

Білім беру ұйымының атауы: «Балдаурен» жекеменшік бөбекжайы.

Топ: «Құлыншақ» кіші тобы

Балалардың жасы:2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2024-20245оқу жылы

Мақсаты: тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар , жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені

игеруге ; қоршаған ортаға ұқыпты қарауды және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағытталған

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	Негізгі қимылдар: Жүру. Жапырақ ұстап бір-бірінің артынан баяу жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Гимнастикалық орындықтың үстімен көңілді жапырақ ұстап жүру. Жүгіру.Бір қалыпта аяқтың ұшымен жүгіру. Серпу,лақтыру. Б.қ. – отырып аяқты алшақ ұстау; Орамалды екі қолымен шетінен ұстау; Орамалды жоғары серпу; Секіру.Алға қарай ұмтыла қос қолмен допты ұстап секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін,иық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды екі жаққа көтеру. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған(отырған)адамға қолындағы заттарды беріп,оңға-солға бұрылу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу. Қимылды ойындар: «Кім бірінші?», «Аю жүрген орманда». Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.

Коммуникативті дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Отбасы мүшелерінің атын атау. (Ата-әже, ана-әке, аға-әпке) Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу. Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелей отыра байланыстырып сөйлеуге баулу.
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Санауға үйрету, көп-аз, тең ұғымымен таныстыру. Биік- аласа көлемдерді салыстыру. Пішіндерді ажырата білуге үйрету.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу және іс-әрекетін дамыту	Сурет	Белгілі бір ережелерді орындау, дұрыс отыру, қағазды уағдау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты аяқтау. Сызықтарды тура және қиыстырып бейнелеу. Топтық жұмысқа баулу.
	Мүсіндеу	Сазбалшықты, ермексазды дұрыс қолдануды жетілдіру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
	Жапстыру	Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Өзара қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.

	Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен құрастыру.
	Музыка (аптасына 1 рет)	Музыка тыңдау. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау. Ән айту. Жекелеген сөздермен буындарды айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: Шапалақтау және аяқты тарсылдату.
Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Туған қала, көшесі, үйі: Балаларды туған қаламен таныстыру (атауы, көшелер, ғимараттар, ескерткіштер, көрікті нысандар, балабақша, мектеп) Табиғат әлемі. Сылдырлаған су қасиеттері. Суға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Судың адам өміріне маңызды екеніне түсінік беру. Судың қасиетін анықтау.

Білім беру ұйымының атауы: «Балдаурен» жекеменшік бөбекжайы.

Топ: «Құлыншақ» кіші тобы

Балалардың жасы:2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2024-2025 оқу жылы

Мақсаты:Жансыз, жанды табиғат құбылыстары жайлы түсінік қалыптастыру.Балалардың табиғатқа, табиғат құбылыстарына,оны танып білуге деген қызығушылығын ояту. Сонымен қатар соңғы электронды технологияны танып білуге үйрету.

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	Негізгі қимылдар: Жүру.Берілген бағытта шеңбер бойымен жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.Заттарға шығу(гимнастикалықскамейкаға):тұру, түсу. Жүгіру.Белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20метрдейін)шағын топқа бөлініп жүтіру. Еңбектеу,өрмелеу.Доғаның астынан еңбектеу. Домалату,лақтыру.Екі қолмен,әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта0,5-1,5метр ара қашықтықтағы нысанаға(төмен,жоғары)лақтыру; Секіру.10-15сантиметр биіктіктен секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін,иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсында айқастыру. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Еденде отырып,аяқтарды кезекпен бұту және жазу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып тартылу. Қимылды ойындар: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып,негізгі қимылдарды(жүру,жүгіру) жетілдіру.
Коммуникативті дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, анық айтылуына назар аудару. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Көкөніс пен жеміс атауларын атау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөз тіркестерін құра (сын есім+ зат есім)білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Күрделі сұрақтарға (Неге әкелді? Қашан әкелді?) жауап беріп, өз ойын айтуға үйрету.

	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды ертегілерді тыңдауға үйрету.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру. Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет	Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу.
	Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алуды үйрету. Қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету).
	Жапстыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға үйрету.
	Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру.
	Музыка (аптасына 1 рет)	Музыка тыңдау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырата білу. Ән айту. Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: Денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала,оның отбасы, үйі: Үйін және пәтерін тану,отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді(бұрау,ашу)белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттердіорындауға баулу. Табиғат әлемі. Сыртқы белгілері бойынша көкөністер(қызанақ, қияр, картоп) ажырату.
--	----------------------------	--

Білім беру ұйымының атауы: «Балдаурен» жекеменшік бөбекжайы.

Топ: «Құлыншақ » кіші тобы

Балалардың жасы:2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: балалардың бойына адамгершілік қасиеттерді, жақын адамдарына сүйіспеншілікті, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің туған қаласы мен ауылын өз еліне құштарлық сезімдерін ояту оның тарихына қызығушылықпен қарауға тәрбиелеу.

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	Негізгі қимылдар: Жүру.Шағын топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.Заттарғашығу(гимнастикалықскамейкаға):қолдарын жоғары көтеру. Жүгіру. Әртүрлі қарқынмен заттардың арасымен жүгіру . Еңбектеу,өрмелеу.Гимнастикалық скамейканың астынан еңбектеу .Домалату,лақтыру.Отырып доптарды домалату. Секіру.Еденде жатқан секіргіштен аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін,иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін Дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар . Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Аяқтың өкшесін алға қою. Қимылды ойындар: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып,негізгі қимылдарды(лақтыру) жетілдіру. Спорттық ойындар: Қос аяқтап секіру. Шеңберден шеңберге қос аяқтап секіре отырып,өз жылдамдықтарын көрсетеді.

Коммуникативті дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Үй жануарлары мен олардың төлдерін атау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою «Бүлкім(не)?».
	Көркем әдебиет	Оқып беруді үстел үсті Театрының кейіпкерлерін және басқада көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет	Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту.
	Мүсіндеу	Кесектерді бір тұтас етіп біріктіру, (сазбалшықты өздігінен иілеу) үйрету. Қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
	Жапстыру	Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға үйрету.
	Құрастыру	Кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтармен ойнауға мүмкіндік беру.
	Музыка (аптасына 1 рет)	Музыка тыңдау. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту. Әнді жеке және топпен айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу.

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала,оның отбасы, үйі: Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату,қуыршақты жатқызу) орындауға баулу. Табиғат әлемі. Сыртқы белгілері бойынша жемістерді(алма,алмұрт) ажырату.
--	----------------------------	--

Білім беру ұйымының атауы: «Балдаурен» жекеменшік бөбекжайы

Топ: «Құлыншақ » кіші тобы

Балалардың жасы: 2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: Қыстағы табиғат көрінісі мен адамдардың киімдері туралы тереңрек айтып беру.

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	Негізгі қимылдар: Жүру. Бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Заттарға шығу(Жұмсақ модульге):тұру, түсу. Жүгіру. Әртүрлі қарқынмен заттардың арасымен бірінің соңынан бірі бүкіл топпен жүгіру. Еңбектеу,өрмелеу. Арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап(алақанымен)еңбектеу. Домалату,лақтыру. Отырып және тұрып доптарды домалату. Секіру. Еденде жатқан лентадан аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін,иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; оларды бүгіп жазу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып) Қимылдыойындар: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып,негізгі қимылдарды(домалату) жетілдіру. Спорттық ойындар: Көңілді шарлар. Шарларды қолдарына ұстап,кеглилердің арасымен өтіп,межені айналып,қайтарда жүгіріп келу.

Коммуникативті дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының,сөйлеу кезінде тыныс алу. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Заттардың түсін,пішінін білдіретін сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөз тіркестерін құра білуге зат есім +етістік сөздердің дұрыс айтылуы. Байланыстырып сөйлеу. Педагогтің өтініші бойынша суреттен тауып, сұрақ қою «Бұлкім(не)?»,«Не істеді?».
	Көркем әдебиет	Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі,неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет	Қағазға,құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
	Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: Кесені,мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып,тереңдету,кесектерді біріктіру.Қолды дымқыл шүберекпен сүрту,дайын болған бұйымды тұғырғаорналастыру,жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
	Жапстыру	Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға(жекелеген бөліктерден),ересектермен бірге түстерді таңдауға(қарама-қарсы түстер) үйрету.
	Құрастыру	Табиғи материалдарды(құм,су,тас)қолдануға мүмкіндік беру.

	Музыка (аптасына 1рет)	Музыка тыңдау. Фортепианоның дыбысталуын ажырата білу. Ән айту. Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындармен әндерді сахналау.
Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала,оның отбасы, үйі: Оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне,қалауына,мүмкіндігіне құрметпен қарау. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді(машинаны итеру, допты домалату) орындауға баулу. Табиғат әлемі. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар,жаңбыр,жел.

Білім беру ұйымының атауы: «Балдаурен» жекеменшікбөбекжайы.
Топ: «Құдыншақ» кіші тобы
Балалардың жасы:2-жас
Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2024-2025 оқу жылы
Мақсаты: Бөлме гүлдері жайлы түсініктерін кеңейту.Бөлме гүлдерін суару қамқор болу.аялау күту жайлы түсініктерін қалыптастыру

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	Негізгі қимылдар: Жүру.Шағын топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Заттарғ ашығу(Жұмсақ модульге):қолдарын жоғары көтеру. Жүгіру. Бағытты өзгертіп 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру. Еңбектеу,өрмелеу.Арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (тіземен тіреп)еңбектеу. Домалату,лақтыру.Отырып және тұрып түрлі заттардың астынан 0,5-метр арақашықтықта доптарды домалату. Секіру: (қатар қойылған2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін,иық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; қолды шапалақтау. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Тізерлеп тұрып өкшеге отыру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып тартылу. Қимылды ойындар: Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру). Спорттық ойындар: Жүйрік паровоз. Бірінші бала паровоз, қалған балалар вагондары болады.Бірінші паровоз бала белгіленген жерден айналып келіп,екінші баланы алып айналып келеді.Жарыс осылай жалғаса береді.Жарыс соңында қайсы топтың паровозы вагондарын жинап мәреге жетсе сол топ жеңімпаз атанады.

Коммуникативті дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудару. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Қарама –қарсы мәндес әрекеттерді (ашу –жабу, кию-шешу, алу-салу) Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеру. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау.
	Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды Жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау.
	Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: Табақты мүсіндеу деп ішіннің жоғары бөлігін саусақ пен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
	Жапстыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды орналастыру.
	Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.
	Музыка (аптасына 1 рет)	Музыка тыңдау. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), дыбыстарымен таныстыру Ән айту. Ересектің дауыс интонациясымен аспапқа бейімдеу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубен, сылдырмақпен) орындау дағдысын дамыту.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала,оныңотбасы, үйі: Ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. Заттық әлем. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекетету. Табиғат әлемі. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй Жануарлары және олардың төлдерімен (қозы,лақ,бота) оларды ажырату және атау,сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу
---	----------------------------	--

Білім беру ұйымының атауы: «Балдаурен» жекеменшік бөбекжайы.

Топ: «Құлыншақ» кіші тобы

Балалардың жасы:2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: Балалардың үй жануарларына деген түсініктерін кеңейту.Олардың толдерімен таныстырып қалай дыбыстайтыны жайлы түсініктерін қалыптастыру

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	Негізгі қимылдар: Жүру.Бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту. Жүгіру. Бағытты өзгертіп шашырап 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50х50 сантиметр модульге өрмелеу. Домалату, лақтыру. Отырып және тұрып түрлі заттардың астынан 1,5-метр арақашықтықта доптарды домалату. Секіру: (Қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; қолдарды алға-артқа сермеу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Тізерлеп тұрып өкшеге отыру және тұру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Орнында жүру. 1. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу. Қимылды ойындар: Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (аю сияқты қорбандап жүру).
Коммуникативті дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыс аппаратын дамыту. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есімдерді зат есімінің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.

	Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін тыңдауға үйрету.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Синсорика	Заттардың санын ажырату(біреу-көп),әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет	Суреттің қарапайым элементтері ретінде тік сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
	Мүсіндеу	Тостағанды мүсіндеудеп ішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру,қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
	Жапстыру	Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.
	Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу,олармен ойнау.
	Музыка (аптасына 1 рет)	Музыка тыңдау. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ,сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Әнайту. Әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (маракаспен) орындау дағдысын дамыту.
Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала,оның отбасы, үйі: Өзінің есімін және жасын атау,үйін және пәтерін тану,отбасы мүшелерінің аттарын атауды қайталау. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (пирамиданы жинау және бөлшектеу) орындауға баулу. Табиғат әлемі. Аңдармен(аю,қасқыр, қоян)оларды ажырату және атау,сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу.

Білім беру ұйымының атауы: «Балдаурен» жекеменшік бөбекжайы.

Топ: «Құлыншақ» кіші тобы

Балалардың жасы:2-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: Жабайы жануарлар мен уй жануралары жайлы түсініктерін терең қалыптастырып олардың айырмашылықтарын түсіндіру.

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	Негізгі қимылдар: Жүру.Шағын топпен ирелектелген лентаның бойымен жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.Тақтайдың үстімен 20сантиметр ара қашықтықта орналасқан кедергілерден (ленталардан)аттап жүру Жүгіру. Жүруден жүгіруге керісінше ауысу. Еңбектеу, өрмелеу.Биіктігі10сантиметр, ауданы50х50 сантиметр модульге өрмелеу. Домалату, лақтыру.Доптарды бір –біріне домалату. Секіру: Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін(10-15сантиметр)секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.Қолды артқа қою; саусақтарды бүгу және ашу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған(отырған)адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Орнында жүру.Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Қимылды ойындар: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар: Жалауға қарай жүгір. Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады.Тәрбиеші қолындағы жалауды жоғары көтереді.Балалар тәрбиешінің жанына жиналады.Жалауды қайта түсіргенде балалар жан-жақ тарап кетеді.

Коммуникативті дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Заттардың көлемін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөз тіркестерін құрай білуге(сын есім+ затесім,затесім+етістік),сөздердің дұрыс айтылуы. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкелердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталап ойнату.
	Көркем әдебиет	Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Берілген заттардың3-4сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыратырып,түсі,көлемі,өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет	Суреттің қарапайым элементтері ретінде тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.
	Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік,жүзік)мүсіндеу,заттардың ұқсастықтарын табу, қолды дымқыл шүберекпен сүрту,дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру,жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
	Жапстыру	Фланелеграфта доптарды, шарларды орналастыру.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел-үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (үшқырлы призма, пластина,цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
	Музыка (аптасына 1рет)	Музыка тындау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Ән айту. Жекелеген сөздермен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету.

Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала,оның отбасы, үйі: Ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу Табиғат әлемі. Құстармен таныстыру, үй құстарын (тауық, қаз, үйрек)оларды ажырату және атау,сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу.
--	-----------------------------------	--

Білім беру ұйымының атауы: «Балдаурен» жекеменшік бөбекжайы»
Топ: «Құлыншақ» кіші тобы
Балалардың жасы:2-жас
Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2024-2025 оқу жылы
Мақсаты:Балаларды аспанмен байланысты ауа-райының сипаттамаларын атауға үйрету құстарға деген қамқорлықтарын корсете білу.
Көктемде кандай құстар ұшып келетіні жайлы тусініктерін толықтыру.

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	Негізгі қимылдар: Жүру.Шағын топпен ирелектелген лентаның бойымен жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тақтайдың үстімен 20 сантиметр ара қашықтықта орналасқан кедергілерден (текшелерден) аттап жүру. Орнында баяу айналу. Жүгіру. Жүруден жүгіруге керісінше ауысу. Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен доғаның астымен еңбектеу. Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр ара қашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру. Секіру: Еденде жатқан секіргіштен, лентадан аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; саусақтарды бүгу және ашу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Қимылды ойындар: Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындаройнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.

Коммуникативті дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың,сөздермен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздердің дұрыс айтылуын,зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеру. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру, күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беру.
	Көркем әдебиет	Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Сенсорика	Заттарды түсі,көлемі,пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет	Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектер мен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту.
	Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған әшекейлерді (қол сағат)мүсіндеу,заттардың ұқсастықтарын табу, қолды дымқыл шүберекпен сүрту,дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру,жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.
	Жапстыру	Фланелеграфта доптарды, шарларды, гүлдерді орналастыру.
	Құрастыру	Қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.

	Музыка (аптасына 1 рет)	Музыка тыңдау. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ән айту. Ересектің дауыс интонациясымен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау. Заттық әлем. Баланың бақылауымен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану. Табиғат әлемі. Аулаға ұшып келетін құстармен таныстыру (торғай, көгершін, қарға), оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу